

Байгиреева Жанар Замашқызының «6D050600-Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған «ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі: жай-күйі мен даму перспективасын бағалау» диссертациясына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>«ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігі: жай-күйі мен даму перспективасын бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс ҚР даму стратегиясына, денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды дамытудың Үкіметтік тұжырымдамаларға, денсаулық сақтау бағдарламаларына сәйкес жазылған.</p>
2.	<p>Ғылымға маңыздылығы</p>	<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жотары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» қағидаларына, Халықаралық қаржылық есептік стандарттарына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің басым бағыттарына сүйеніп отырып жазылған.</p>
	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашылмаған</p>	<p>Диссертация тақырыбы бойынша 12 ғылыми мақала баспа бетінде жарық көрген. Оның ішінде 1 мақала Scopus ақпараттық базасында, 3 мақала Қазақстан Республикасының БҒМ білім мен ғылым саласын реттеу Комитетімен мақұлданған ғылыми басылымдарда және 8 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды. Зерттеу нәтижелері «Алқабан Вокеліхан University» Білім мекемесі «Бизнес және басқару» кафедрасының ғылыми – әдістемелік семинарларында қаралды. Зерттеу нәтижелері мен материалдары Астана қаласы әкімдігінің «№2 Көпбейінді қалалық бағалар ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құқығындағы Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына диссертациялық зерттеу нәтижелерін</p>	

		<p>енгізу туралы актімен рәсімделген. Зерттеу нәтижелері мен материалдары ЖШС «Гематология орталығы» Шығыс Қазақстан облысының гематология бөлімінен диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы акт алынды. Зерттеу нәтижелері мен материалдары «ESIL University» Мекемесінің оқу үрдісінде «НҚ-менделжмент», «Сапа экономикасы», «Ұйымдық мінез-құлық» пәндері бойынша дәрістік және практикалық сабақтар өткізу үрдісінде зерттеу нәтижелерін қолдану туралы сараптамалық акт алынған.</p>
<p>3. Өзі жазу принципі</p>	<p>Өзі жазу дептейі: 1) жотары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жүргізу барысында докторант денсаулық сақтау саласындағы адам капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамаларына қатысты статистика-эмпирикалық деректерді жинау және талдауда, атап айтқанда адам дамуының жаһандық индексі, халықтың медициналық капиталын бағалаудың негізгі көрсеткіштері, адам капиталын экономикалық тиімділігі, адам капиталын медициналық тиімділігі, адам капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігін бағалау мен талдауға қатысты интегралдық және сапалық көрсеткіштерді талдау және шыққан нәтижелерді халықаралық, мерзімдік басылымдарда жариялау арқылы диссертацияны жазуда өз дербестігін айқын көрсете алды.</p>
<p>4. Ішкі бірлік принципі</p>	<p>4.1 Диссертация негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген, себебі денсаулық сақтау саласындағы адам капиталын экономиканың он дамуына айтарлықтай әсері дауыс факт болып табылады. Оны бағалау мен дамыту дені сау ұлт болашағын жоюларда зор ықпал етеді. Ұйымдағы ең күнды ресурс ретінде экономикалық тиімді қызметкерлерге он көзқарасты тұжырымдамалардың дамуымен қатар ҚР экономикасында адам капиталын тиімділігін ұтымды пайдалану қажеттілігі туындайды. Денсаулық, өз кезегінде, екі құрамдас бөлікке не: туғаннан пайда болған (тұқым қуалайтын) және адамға салынған инвестициялар нәтижесінде пайда болған. Адам капиталға инвестиция жеке тұлғаның өзі де, мемлекет те денсаулық сақтау саясаты арқылы жүзеге асырады. Жақсы денсаулық жағдайы халықты белсенді жұмыспен қамту кезеңін ұзартуға мүмкіндік береді, еңбек кірісінің, жашы өнімділігін өсуіне ықпал етеді және адам капиталын экономикалық элементтерін динамикада тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Яғни, нәтижесінде қызметкер де, ол жұмыс істейтін ұйым да он экономикалық нәтиже ала отырып, дені сау адам өзінің физикалық және психологиялық мүмкіндіктерін тиімді «сатуға» мүмкіндік беретін кәсіби</p>

		<p>денгейін нәтижелі дамытады. Жоғарыда айтылғандарға байланысты рецензияланатын диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті болып табылады, ал қазіргі жағдайда Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін дамытудың проблемалары мен міндеттерін берілген зерттеудің қазіргі заманғы үрдістеріне сәйкес деп тануға болады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды:</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындайды. Көпшілікке қорғауға ұсынылған рецензияланған диссертацияда жана және дамыған ережелер мен нәтижелердің жынтығы бар. Диссертацияның денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін жетілдіру практикасына бағытталған теориялық-әдіснамалық міндеттер мен мәселелерді шешуге қосқан жеке үлесі келесі тармақтардан көрінеді: Адами капиталдың экономикалық мәні мен маңызы ашылған; Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары сыналған; Адами капиталдың тиімділігін арттырудың шетелдік тәжірибесі қарастырылған; ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі көрсеткіштері талданған; Денсаулық сақтау саласында адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігі бағаланған; Денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемесі берілген; Регрессиялық-корреляциялық модельді қолдану негізінде денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау жасалған; Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары қарастырылған; ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттар бойынша ұсыныстары бар.</p>
	<p>4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді:</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді, қойылған мақсат пен міндеттер жұмыс тақырыбына қатысты сапалық негізгі мәселелерді қамтиды.</p>

	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық зерттеу ішкі біртұтастығы бар, логикалық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеудің нақты берілген мақсаты мен міндеттері диссертацияның әр тарауында теориялық және әдістемелік шешімін тапқан, сондай-ақ қорғауға ұсынылған негізгі тұжырымдар құрастырылған. Барлық тұжырымдар мен қорытындылар өзара бірізділікпен айқындалған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар:</p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сiлтемелерiне негiздепген.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қарастырылған әрбір тұжырым толыққанды зерттеліп, жан – жақты бағалау нәтижесінде талдау жасалған. Зерттеу нәтижелері, тұжырымдары аталып отырған диссертацияның тақырыбына сәйкестігі ғылыми еңбектермен толықтай дәлелденген. Сондай - ақ автордың өзіндік жеке тұжырымдық көзқарастары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің кеңестеріне сәйкес зерделенген және бірігіп жұмыс атқару нәтижесі сыни талдау мен жүйеленген бірізділікте көрінеді. Жұмыста бағдарламалық-нысаналы әдістер мен реттеудің нормативтік-құқықтық құралдарын пайдалануға негізделген денсаулық сақтау саласындағы адам капиталы дамыту бойынша мемлекеттік реттеудің әлемдік тәжірибесі қаралып, пайымдалды. Талдауды растау үшін мемлекеттік бағдарламалардың материалдары, заңнамалық актілер, мемлекеттік стратегиялар пайдаланылды. Диссертация зерттеуінде ресми мемлекеттік көздерден алынған кен статистикалық мәлімет сiлтемелерiне негiздепген өзiндiк есептеулер жүргізілді. Математикалық талдау әдістерін қолданады, медицинада адами капитал тиімділігін дамытудың мемлекеттік және ведомстволық бағынышты ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттардың мазмұнын зерттейді.</p>
<p>5. Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жана болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25 % кем жана болып табылады)</p>	<p>Жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер, ережелер мен тұжырымдар Жанар Замашқызы Байгирееваның диссертациясын дербес және жанаалықтың жеткілікті дәрежесі бар аяқталған еңбек деп тануға негіз береді және диссертациялық жұмыс «Дәрежелер беру қағидаларының» 2,5,6 тармағына толығымен сәйкес келеді және онда төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген:</p> <p>1- ғылыми нәтиже - жартылай жана. Денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары (жахандық адами даму индексы, халықтың денсаулық капиталын бағалаудың негізгі көрсеткіштері,</p>

		<p>адами капиталдың экономикалық тиімділігі, адами капиталдың медициналық тиімділігі) айқындалып, ұсынылды.</p> <p>2 - ғылыми нәтиже - жартылай жана. Шет елдік адами капиталды дамыту бойынша озық үлгілерді Қазақстан экономикасына кіріктендіру жолдары қарастырылды және шет елдік және отандық ғалымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама берілді.</p> <p>3 - ғылыми нәтиже - жартылай жана. ҚР Денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштері талданып, берілген салада адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігі бағаланды.</p> <p>4 - ғылыми нәтиже - жана нәтиже. Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының сандық деректерін, сонымен қатар медициналық қызметкерлердің еңбек өтілі, жасы, білім деңгейі және кәсіби құзыреттілігі/санаты сияқты сапалық сипаттамалары сараптау нәтижесінде денсаулық сақтау саласындағы өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемесін қолдана отырып, денсаулық сақтау саласында адами капиталды таңдау мақсатында ДДСҰ ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштері, QALY және Парето, қызметкерлерді ынталандыру жүйесіндегі Трейдинг, тендерімді көрсеткіштер жүйесі негізінде медициналық ұйымды басқару тиімділігін бағалау, динамикалық экономикалық көрсеткіштерді нормалау әдістерін қолдану арқылы таңдау жүргізілді.</p> <p>5 - ғылыми нәтиже - жана нәтиже. ҚР денсаулық сақтау саласында регрессиялық-корреляциялық модельдерді қолдану негізінде адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау жасалды.</p> <p>6 - ғылыми нәтиже - жартылай жана. Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытуды мемлекеттік басым бағыттар бойынша ұсыныстар әзірленді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған ғылыми нәтижелердің, қорытындылардың жанаалық дәрежесін жақсы деп бағалауға болады. Ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың ғылыми жанаалығы негізделген болып табылады.</p>
<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жана болып табыла ма? 1) толығымен жана:</p>		

	<p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25 % кем жана болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана:</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25 % кем жана болып табылады)</p>	<p>Экономикалық және басқару шешімдері жана және негізделген, диссертациялық жұмыс ҚР денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін бағалау және дамыту бойынша теориялық – әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуге бағытталған. Алынған нәтижелер мен олардың негізінде жасалған қорытындылар экономикалық-математикалық есептеулермен, математикалық модельдермен, кестелермен, трафиктермен және қосымшалармен расталады. Жұмыс логикалық дәйектілікке негізделген, оның аясында диссертация алға қойған мақсаттарға қол жеткізіп, тақырыпты аша алды. Диссертациялық жұмыстың талдамалық бөлігі авторды Қазақстанның денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың экономикалық тиімділігін жетілдіру және үйлестіру жүйесінің қажеттілігіне жетелейді.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары мен нәтижелері практикалық тәжірибені жалпылау және зерттеу нәтижелерін бағалау кезінде тарихи, монографиялық, экономикалық-әдістерге негізделген сыни зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертациялық жұмыста қарастырылған әрбір тұжырым барынша зерттеліп, жан – жақты зерделенген. Еңбек денсаулық сақтау саласындағы адами капиталдың отандық және шетелдік ғалымдарының классикалық және заманауи тұжырымдамалары мен әзірлемелері, заңнамалық және нормативтік актілер, монографиялық зерттеулер материалдары, статистикалық материалдар, мерзімді басылым мақалалары және зерттеушінің жеке басылымдық еңбектерімен толықтай дәлелденген. Сонымен қатар, автордың өзіндік жеке тұжырымдық көзқарастары мен отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің кеңестеріне сай құрастырылған.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі кағидастар</p>	<p>Әр кағидаға бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Кағидаға дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p>	<p>Қорғауға шығарылған негізгі кағидастар:</p> <p>1. Адами капиталдың тарихи-экономикалық тұжырымдамаларын зерттеп, экономикалық даму хронологиясын құрастыру; денсаулық сақтау саласындағы адами капиталды бағалау әдістері мен тұжырымдамалары - кағидастар дәлелденген, тривиялды емес, жана, қолдану деңгейі кен, мақалаларда дәлелденген;</p>

	<p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p> <p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p>	<p>2. Шет елдік және отандық ғылымдар мен экономистердің түсініктерін саралай отырып, «адами капитал» ұғымына авторлық анықтама беруге қадам жасау: шет елдік адами капиталды дамыту бойынша озық үлгілерді Қазақстан экономикасына кіріктендіру жолдары- қағидағтар дәлелденген, тривиалды емес, жана, колдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген;</p> <p>3. ҚР Денсаулық сақтау саласын дамытудың негізгі көрсеткіштерін талдап, берілген сапада адами капиталды қалыптастырудың экономикалық тиімділігіне бағалау жасау- қағидағтар дәлелденген, тривиалды емес, жана, колдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген;</p> <p>4. Денсаулық сақтау ұйымының адами капиталының өмір сапасының көрсеткіштерін интегралды бағалау әдістемелерін өзірлеу: денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамыту мақсатында ДДСҰ ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштерді қолдану арқылы талдау- қағидағтар дәлелденген, тривиалды емес, жана, колдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген;</p> <p>5. ҚР денсаулық сақтау саласында ретрессиалық-корреляциялық модельді қолдану негізінде адами капиталды дамытудағы мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау- қағидағтар дәлелденген, тривиалды емес, жана, колдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген;</p> <p>6. Медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік басым бағыттарын анықтау- қағидағтар дәлелденген, тривиалды емес, жана, колдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген.</p>
<p>8. Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттын дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жок</u></p>	<p>Диссертацияда алынған және ұсынылған ғылыми нәтижелер негізгі ережелер мен қолданылатын әдістердің қатаң математикалық экспозициясына сүйенеді және жасалған модельдер объект нәтижелерімен расталады. Нәтижелердің дұрыстығы зерттеулер жүргізудің заманауи құралдары мен әдістемелерін пайдаланумен қамтамасыз етілген. Бұл алынған нәтижелерді жеткілікті негізделген және сенімді деп санауға негіз береді. сондай-ақ диссертациялық жұмыстың нәтижелері енгізу актісімен нақтыланған.</p>
	<p>8.2 Диссертация нәтижелері</p>	<p>жұмысының компьютерлік</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми танымның дәстүрлі жаппы ғылыми әдістері ұтымды қолданылған: талдау, бағалау және деректерді</p>

	<p>технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ив: 2) жоқ</p>	<p>статистикалық өңдеудің арнайы әдістері. Автор денсаулық сақтау ұйымының нақты бағасын анықтау үшін медицина қызметкерлерінің адами капиталының құнын бағалау әдістемесін ұсынып, адами капиталдың гудвиллін есептеуді ұсынған. Қызметкердің ұйымының пайдасына нақты әсерін бағалау үшін ұйымдағы бір қызметкердің пайдасы немесе кірісі, адами капиталдың қосылған құны $HCVA$ (Human capital value added), адами капиталды дамытуға жұмсалған инвестицияның қайтарымы, білім беруге жұмсалған шығындар коэффициенті, $VAIC$ қосылған құнның интеллектуалдық коэффициенті есептелген. Баламалы $QALU$ мәндері анықталған. Ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдісі «SF-36 Health Status Survey» (Social Functioning) сауалнамасы алгоритмі пайдаланылған. Медициналық ұйым қызметкерлерінің адами капиталының сапасын факторлық талдау үшін автор Парето әдісін қолданатын математикалық және компьютерлік модельді ұсынған. Автор 2011–2021 жылдары денсаулық сақтауға арналған шығындардың және Қазақстан халқының күтілетін өмір сүру ұзақтығының регрессиялық–корреляциялық моделін Statistica бағдарламасы негізінде жасаған. Көпмәнді регрессия тегдеуі Microsoft Excel құралдарымен алынған. Тенгерімді көрсеткіштер жүйесі негізінде компанияның адами капиталын басқарудың тиімділігінің экономикалық-математикалық моделінің схемасы құрастырылған.</p>
<p>8.3 Теориялық қорытындылар, моделдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған:</p> <p>1) ив: 2) жоқ</p>	<p>Регрессиялық-корреляциялық модельді қолдану негізінде денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларын сараптамалық бағалау, қызметкерлерді ынталандыру жүйесіндегі Грейдинг нәтижесінде теориялық қорытындылар, модельдер, бағалау мен тиісінше жүргізіліген талдаулар өзара байланысты және сауалнама негізінде эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындардың экономикалық тиімділігін сырақаттанушылықты төмендетуге салынған қаражаттың әсерін бағалау №1 «Көп бейінді қалалық бағалау ауруханасы» негізінде жасалды. Зерттеу нәтижелері мен материалдары Астана қаласы әкімдігінің «№2 Көпбейінді қалалық бағалау ауруханасы» Шаруашылық жүргізу құжығындағы Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына диссертациялық зерттеу нәтижелерін енгізу туралы актісімен расталған. Зерттеу нәтижелері мен материалдары сауалнама жүргізу нәтижесінде ЖШС «Гематология орталығы» Шығыс</p>	

	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/шінара расталған/ расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Қазақстан облысының тематология бөлімі бойынша диссертациялық зерттеу нәтижелері эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Зерттеу нәтижесінде алынған тұжырымдар мен қорытындылар нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Әдістемелік тұжырымдар бағалау нәтижелері арқылы талданып, ғалымдардың сапалық, ғылыми қандалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдамаларымен қорытындыланған. Зерттеу барысында медициналық мекемелердің қаржылық-экономикалық ресми мәліметтері және мемлекеттік статистикалық ақпараттар қолданылды.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасау үшін жеткілікті, жұмысты орындау барысында 149 отандық, шет елдік әдебиеттер мен еңбектеріне шолу жасалған.</p>
<p>9. Практикалық күндізлік принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық манызы бар:</p> <p>1) ия:</p> <p>2) жоқ</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия:</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Диссертацияның теориялық манызы бар. Диссертациялық зерттеудің ұсынылған нәтижелері өзектілікке ие, практикалық қызынушылық тудырады және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласында адами капиталды дамытудың тұжырымдамасы мен әдіснамалық аспектілерін әзірлеу кезінде және салалық бағдарламалық құжаттарында қолданылуы мүмкін.</p> <p>Зерттеуде Денсаулық сақтау саласында адами капиталды бағалаудың нақты критерийлерінің және денсаулық сақтау мен әлеуметтік-экономикалық саланы дамыту жөніндегі бағдарламалар тиімділігі, интегралдық көрсеткіштер, медициналық-экономикалық әсер тиімділігін қолдана отырып, дамыту бойынша іс-шаралар қарастырылған.</p> <p>Диссертациялық зерттеудің ұсынылған нәтижелері өзектілікке ие, практикалық қызынушылық тудырады және медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың тұжырымдамасы мен іс-шараларын әзірлеу кезінде пайдалану мүмкіндігі жоғары.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <p>1) толығымен жана:</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жана болып табылады):</p>	<p>Зерттеу барысында ҚР денсаулық сақтау саласында репрессиялық-корреляциялық модельдерді қолдану негізінде адами капиталды дамытуда мемлекеттік қолдау шараларына сараптамалық бағалау жасалды; - Мемлекет аясында медициналық мекемелерде адами капиталды дамытудың экономикалық тиімділігінің көрсеткіштерін жетілдірудің негізгі жолдары мен ҚР денсаулық сақтау саласының адами капиталды дамытудағы мемлекеттік</p>

			басым бағыттар бойынша ұсыныстар әзірленді. Бұл ұсыныстар жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>Жоғары:</u> 2) Орташа; 3) Орташадан төмен; 4) Төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде. Орфографиялық және стилистикалық кателер кездеспеді. Зерттеу жұмысы «Дәрежелер беру қағидаларының» талаптарын толық орындайды.

Диссертациялық жұмыс зерттеліп отырған тауырыштың кезектілігі, ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың негізделгендігі және жаңалығы бойынша іздену жұмыстарына қойылатын талаптарға толық жауап береді.

Аталғандарды ескере отырып Ж.З. Байгиреева «6D050600-Экономика» маманығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

экономика ғылымдарының докторы, қауымдастығырылған профессор, академик Кадра
ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институтының Әлемдік экономика және Халықаралық экономикалық қатынастар бөлімінің меңгерушісі

С.А. Калиева

Калиева С. А.



С.А. Калиева
ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің
Ғылым комитетінің
«Экономика институты» ШЖҚ РМҚ
Қадр қызметі *Калиева С.А.*